04-01/108 02.11.2026

БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

«ОҚМА» АҚ
ИНТЕГРАЛДЫ GPA ЕРЕЖЕСІ

Е 493-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Үшінші

Шымкент

1. «ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөлімі мен Ғылыми жұмыстар бөлімі **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**

2. «ОҚМА» АҚ Сапа кеңестің шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

МАЗМҰНЫ

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 4
2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР 5
3 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ 6
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 7
5 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ (IROS,SSCI) 8
6. МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК 13
7 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР 16
ҚОСЫМШАЛАР 18

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Интегралдық GPA енгізу ережесінде келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес (03.03.2026 №107));
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларының интегралдық, оның ішінде әлеуметтік GPA енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2024 жылғы 4 қаңтардағы № 2 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2026 жылғы 28 тамыздағы № 406 бұйрығы;
- «Жасанды интеллект туралы» Заңды (№ 230-VIII) және ЖИ дамыту тұжырымдамасын (№ 592 қаулы);
- К 121-2026 Академиялық адалдық кодексі;
- Е 507-2026 «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану ережесі.
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- СТ 002-2024 Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;
- СТ 003-2024 Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024 Персоналды басқару;

- СТ 012-2025 Әкімшілік-басқару персоналының, профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету стандарттары;
- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-ның басқа да ішкі нормативтік актілері.

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылды:

- академиялық кезең - теориялық оқыту кезеңі: семестр;
- білім алушылардың оқу жетістіктері - білім алушылардың оқу үдерісінде алған және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттері;
- білім алушының академиялық жетістіктері - бұл жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша оқу кезеңінде білім алушылардың меңгерген білімдерінің, дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы және оның оқу жетістіктерінің, зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерінің жалпы деңгейін сипаттайды;
- білім алушының академиялық жетістіктерінің интегралды орташа балы (IGPI) бұл білім алушының академиялық үдерісте алған белгілі бір кезеңдегі академиялық жетістіктерін кешенді бағалау және қол жеткізілген оқу нәтижелерін (үлгерімін), зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерін көрсетеді;
- үлгерімнің орташа балы (Grade point average GPA) таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының цифрлық баламасына кредиттер туындылары сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың осы түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы);
- білім алушының зерттеу дағдылары (iROS) бұл зерттеу және жобалау қызметі үдерісінде алған, индикаторларымен өлшенетін білім алушының зерттеу дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы. Оның зерттеу дағдыларының орташа балы;
- білім алушылардың әлеуметтік және спорттық жетістіктері (SSCI) – бұл қоғамдық (қоғамға қызмет ету, оның ішінде волонтерлік қызмет), әлеуметтік және спорттық қызмет үдерісінде қалыптасқан, белгіленген индикаторлармен өлшенетін білім алушының әлеуметтік және спорттық дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерінің орташа жиынтық балы;

-академиялық адалдық - бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

- «ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғам;
- GPA - Grade Point Average;
- SSCI - social sporty competition indicators;
- iROS - indicators of Research-Oriented Study;
- ЖСБ - жастар саясаты бөлімі;
- ҒЖБ - ғылыми жұмыстар бөлімі.

3 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) білім алушыларының интегралдық GPA енгізу Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 4 қаңтардағы №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларының интегралдық оның ішінде әлеуметтік GPA енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес (03.03.2026 №107) негізінде, әзірленді.

Ереже білім алушының оқу жетістіктерін, зерттеу жүргізу дағдыларын және академиялық процесте алатын қоғамдағы әлеуметтік-азаматтық ұстанымын көрсететін жан-жақты даму деңгейін кешенді өлшеу үшін қолданылады.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 «ОҚМА» АҚ білім алушыларының интегралды GPA (IGPA) көрсеткіші академиялық үлгерімді, ғылыми-зерттеу және инновациялық белсенділікті, сондай-ақ қоғамдық белсенділік пен әлеуметтік жауапкершілікті кешенді бағалау арқылы жоғары кәсіби құзыреттілікке ие, ғылыми зерттеулер мен инновацияларға бағдарланған, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін болашақ медицина мамандарының жаңа буынын қалыптастыруға бағытталған.

4.2 Интегралды GPA білім алушының оқу жетістіктерінде қол жеткізген деңгейін, зерттеу қызметіне бейімділігін және әлеуметтік жетістіктерінің даму дәрежесін көрсетеді.

4.3 Білім алушылардың оқу жетістіктерімен зерттеу дағдылары және әлеуметтік құзыреттердің бағаларын (балдарын) интегралдық GPA-дың барлық үш құрамдас бөлігі бойынша бағалау бірыңғай 100 балдық бағалау жүйесі бойынша жүзеге асырылады.

4.4. Білім алушылардың интегралды GPA рейтингін есептеу Platonus ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады:

- білім алушы А, Б қосымшаларында көрсетілген кестелерден таңдалған көрсеткіштері бар нысанды толтырады, дәлелдейтін құжаттарды тіркейді;
- iROS және SSCI орташа баллдарын есептеу тиісті қызметкерлер орындаған жұмыстарды растағаннан кейін жүргізіледі;
- интегралдық GPA білім алушының үш бағыттағы жетістіктерінің деңгейі (IGPA) ретінде есептеледі. Оқу жетістіктерінен келесі формула бойынша есептейді.

$$IGPA = GPA * 0{,}5 + iROS * 0{,}35 + SSCI * 0{,}15$$

мұндағы:

- GPA (0.5) – Академиялық оқу үлгерімінің орташа балы (50% үлес).

- iROS (0.35) – Білім алушының зерттеу дағдыларының орташа балы (35% үлес).

- SSCI (0.15) – Білім алушының әлеуметтік және спорттық жетістіктерінің балы (15% үлес).

4.5. Интегралдық GPA есептеу әрбір оқу семестрінің қорытындысы бойынша жүзеге асырылады. Білім алушылар iROS және SSCI көрсеткіштері бойынша растайтын құжаттарды ағымдағы семестрдің теориялық оқыту кезеңі аяқталуына 2 (екі) апта қалғанға дейін Platonus жүйесіне енгізуі тиіс. Кафедраның жауапты тұлғалары мен тәлімгерлері семестрдің соңғы күніне дейін барлық өтінімдерді тексеріп, растауды немесе қабылдамауды аяқтауға міндетті.

4.6. «ОҚМА» АҚ білім алушының зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерін бағалау үшін осы компоненттер бойынша білім алушының қызмет түрлері мен нысандары, ұйымдастыру тәртібі, зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттердің жетістіктерін бағалау шкаласы және білім алушыға балл беру тәртібі айқындалады.

4.7. Зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерді бағалаудың дұрыстығын, объективтілігін және ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «ОҚМА» АҚ білім алушылардың зерттеу дағдылары мен әлеуметтік және спорттық жетістіктерін бағалау шкаласы әзірленеді (А, Б қосымшалары).

5 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ (IROS, SSCI)

5.1. Академиялық топтарды кафедраларға бекіту деканаттар тарапынан кафедралардың ғылыми және әлеуметтік бағыттарына сәйкес жүзеге асырылады және ректордың кафедраның ғылымға жауапты қызметкерлері туралы, тәлімгерлер туралы бұйрығымен бекітіледі.

5.2. Кафедра меңгерушісі кафедраның ғылыми қызметіне жауапты тұлғаны және кафедрадағы тәлімгерлерді анықтайды. Жауапты тұлғалар кафедраға тіркелген білім алушылардың iROS, SSCI бойынша енгізілген мәліметтері мен құжаттарын тексеріп, ақпараттық жүйеде оларды растау немесе қабылдамау әрекетін жүзеге асырады. Сонымен қатар бұл жұмысқа жастар саясаты бөлімі (әрі қарай – ЖСБ) мен ғылыми жұмыстар бөлімі (әрі қарай – ҒЖБ) қызметкерлері де қатысады.

5.3. Білім алушы «ОҚМА» АҚ-ның Platonus ақпараттық жүйесінде электрондық нысанды өз бетінше толтырып, растайтын құжаттарды енгізеді, ал енгізілген ақпарат білім алушы бекітілген кафедраның жауапты тұлғаларына тексеру үшін қолжетімді болады.

5.4. Егер бір оқу жылы ішінде қызметтің бір түрі бойынша бірнеше жетістік тіркелсе, негізгі есепке расталған жетістіктердің ішіндегі ең жоғары нәтиже алынады, ал қалған расталған жетістіктер қосымша балл ретінде есептеледі.

5.5. iROS және SSCI бойынша қорытынды балдар білім алушының зерттеу және әлеуметтік құзыреттерінің деңгейін айқындайды және 100 балдық көрсеткішке сәйкес GPA-ның цифрлық баламасымен төмендегі кестеде көрсетілген:

100 балдық көрсеткіш	**GPA-ның цифрлық баламасы**	**Дәстүрлі жүйе бойынша баға**
95–100	4,00	Өте жақсы
90–94	3,67	Өте жақсы
85–89	3,33	Жақсы
80–84	3,00	Жақсы
75–79	2,67	Жақсы
70–74	2,33	Жақсы
65–69	2,00	Қанағаттанарлық
60–64	1,67	Қанағаттанарлық
55–59	1,33	Қанағаттанарлық
50–54	1,00	Қанағаттанарлық
25–49	0,50	Қанағаттанарлықсыз
0–24	0,00	Қанағаттанарлықсыз

Осыған сәйкес, iROS және SSCI көрсеткіштері бойынша **0–49 балл – қанағаттанарлықсыз, 50–69 балл – қанағаттанарлық, 70–89 балл – жақсы, 90–100 балл – өте жақсы** деңгей болып есептеледі.

5.6. Білім алушының iROS және SSCI бағыттары бойынша белсенділігі әр семестрдің қорытындысы бойынша жеке есептеледі. Білім алушы әр семестрде тиісті бағыттар бойынша белсенділік танытып, қол жеткізген нәтижелерін белгіленген тәртіппен, растайтын құжаттармен Platonus ақпараттық жүйесіне енгізуге тиіс.

5.7. Білім алушының келесі оқу жылына өтуі үшін iROS және SSCI бойынша өту балы 50 балды құрайды.

5.8. Расталған зерттеу жетістіктері болмаған жағдайда немесе білім алушы тиісті растайтын құжаттарды (сертификаттар, дипломдар және т.б.) енгізбеген жағдайда, iROS және SSCI бойынша 0 балл болып есептеледі.

5.9. Білім алушы iROS және SSCI бойынша белгіленген өту балын жинай алмаған жағдайда, оған жазғы семестр кезеңінде аталған көрсеткіштер бойынша білімін жетілдіруге және белгіленген талаптарға сәйкес қажетті өту балын қайта жинауға мүмкіндік беріледі.

5.10. Жазғы семестр қорытындысы бойынша білім алушы белгіленген өту балын қайтадан жинай алмаған жағдайда, ол «ОҚМА» АҚ-ның Академиялық саясатына және қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес келесі курсқа көшірілмейді және оқудан шығару мәселесі белгіленген тәртіппен қаралады.

5.10.1. Осы тармақтың талаптары бітіруші (соңғы) курс білім алушыларына қолданылмайды. Бітіруші курс білім алушылары үшін iROS және SSCI бойынша минималды өту балы жиналмаған жағдайда, олар жазғы семестр кезеңінде қосымша зерттеу немесе әлеуметтік тапсырмаларды орындау арқылы баллдарын көтереді. Бұл көрсеткіштер білім алушыны қорытынды аттестаттауға жіберу және диплом беру мәселесіне кедергі келтірмейді.

5.11. Әрбір семестр аяқталғаннан кейін білім алушының сол семестрдегі iROS пен SSCI көрсеткіші есептеліп, Platonus ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Келесі семестр аяқталған кезде білім алушының жаңа кезең бойынша iROS пен SSCI көрсеткіші жеке қалыптастырады.

5.12. Интегралды GPA көрсеткіштерін есептеу кезінде білім алушының «ОҚМА» АҚ (деканат, кафедра меңгерушілері, тәлімгерлер, кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына жауапты қызметкерлері, ғылыми жұмыстар бөлімі және жастар саясаты бөлімі) белгілеген, ұйымдастырған немесе ресми түрде растаған іс-шараларға қатысуы есепке алынады.

5.13. Білім алушының iROS және SSCI бойынша жетістіктері туралы мәліметтерді енгізу тәртібі:

5.13.1. SSCI бойынша:

– білім алушы әлеуметтік бағыттағы жетістіктері туралы мәліметтерді Platonus ақпараттық жүйесіндегі «Интегралды GPA» модуліне енгізеді;

– мәліметтерді енгізу үшін білім алушы Platonus ақпараттық жүйесіне жеке логині мен құпиясөзі арқылы кіріп, «Интегралды GPA» модулінен «Әлеуметтік GPA» бөлімін таңдайды және жаңа жазба қалыптастыруға арналған «Қосу» батырмасын басады;

– ашылған нысанда қызыл жұлдызшамен (*) белгіленген өрістер міндетті түрде толтырылады;

– растайтын құжат ретінде дипломның, сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың, хаттаманың немесе іс-шараға қатысуды және білім алушының нәтижесін немесе қатысқанын растайтын өзге де құжаттың анық әрі толық оқылатын электрондық көшірмесі ұсынылады;

– енгізілген мәліметтер растайтын құжаттағы ақпаратқа сәйкес келуге тиіс. Білім алушы мәліметтерді сақтағанға дейін олардың толықтығын, дұрыстығын және тіркелген құжаттың сәйкестігін тексереді;

– міндетті өрістер толық толтырылмаған немесе растайтын құжат тіркелмеген жағдайда, мәліметтер сақтауға қабылданбайды;

– Platonus ақпараттық жүйесіне енгізілген мәліметтердің дұрыстығына, толықтығына және ұсынылған құжаттардың түпнұсқалығына білім алушы жауапты болады.

5.13.1.1 Мәліметтер нысанда орналасу ретіне сәйкес солдан оңға қарай мынадай кезектілікпен енгізіледі:

– «Атауы»* өрісінде іс-шараның толық және ресми атауы көрсетіледі;

– «Іс-шараның түрі»* өрісінен іс-шараның мазмұны мен бағытына сәйкес түрі таңдалады;

– «Іс-шараның дәрежесі»* өрісінен іс-шараның өткізілу деңгейі таңдалады;

– «Қатысу статусы»* өрісінен білім алушының іс-шараға қатысу мәртебесі таңдалады;

– «Құжат нөмірі» өрісінде растайтын құжатта нөмір болған жағдайда оның нөмірі көрсетіледі;

– «Құжаттың атауы» өрісінде жетістікті растайтын құжаттың атауы көрсетіледі;

– «Марапат»* өрісінен білім алушының іс-шара қорытындысы бойынша алған марапатына сәйкес мән таңдалады. Марапат болмаған жағдайда «Жоқ» мәні көрсетіледі;

– «Іс-шараны өткізу күні» өрісінде іс-шараның нақты өткізілген күні көрсетіледі;

– «Білім алушының нәтижесі немесе үлесі» өрісінде білім алушының іс-шарадағы жетістігі, атқарған жұмысы немесе қосқан үлесі қысқаша әрі нақты сипатталады;

– «Оқу жылы»* өрісінен іс-шара өткізілген тиісті оқу жылы таңдалады;

– «Семестр»* өрісінен іс-шара өткізілген тиісті семестр таңдалады;

– «Қолдау құжаты»* бөліміне «Файлды жүктеңіз» батырмасы арқылы енгізілген мәліметтерді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі тіркеледі. Бірнеше құжат болған жағдайда құжаттарды бір файлға біріктіріп тіркейді;

– барлық міндетті өрістер толтырылып, растайтын құжат тіркелгеннен кейін білім алушы «Сақтау» батырмасын басады. Сақталған мәліметтер Platonus ақпараттық жүйесінің «Әлеуметтік GPA» бөлімінде тіркеледі;

– білім алушы іс-шарасын тіркеген соң, Интегралды GPA модулінің Әлеуметтік GPA бөліміне кіріп, тіркелген іс-шарасының атауын басады және өтінім беру батырмасын басу арқылы өз іс-шарасын тексеруге жібереді.

5.13.2. iROS бойынша:

– білім алушы Platonus ақпараттық жүйесіне жеке логині мен құпиясөзі арқылы кіреді.

– сол жақ мәзірден «Интегралды GPA» модулін ашып, «Ғылыми GPA» таңдайды.

– «Қосу» батырмасын басып, ашылған тізімнен жазбаның түрін таңдайды: Басқа.

– ашылған нысанда қызыл жұлдызшамен (*) белгіленген өрістер міндетті түрде толтырылады. Мәліметтер нысандағы орналасу ретімен, солдан оңға қарай енгізіледі.

5.13.2.1 Білім алушы ғылыми іс-шараларға қатысуы және басқа ғылыми белсенділігі туралы мәліметтерді растайтын ресми құжаттар негізінде «Басқа» батырмасына енгізеді. Мәліметтер келесі ретпен толтырылады:

– *Атау** Білім алушы қатысқан ғылыми іс-шараның, конкурстың, конференцияның, симпозиумның немесе басқа ғылыми қызметтің толық және ресми атауы растайтын құжатқа сәйкес енгізіледі.

– *Іс-шараның түрі** Іс-шараның мазмұнына сәйкес түрі таңдалады: «Басқа да ғылыми қызмет», «Жарияланымдар», «Зерттеу жұмыстары» немесе «Өнертапқыштық әрекет».

– *Іс-шараның дәрежесі** Іс-шараның ресми мәртебесіне сәйкес деңгейі таңдалады: қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық, ұйым деңгейінде, Қазақстан Республикасындағы халықаралық немесе шетелдегі халықаралық.

– *Қатысу статусы** Білім алушының қатысу нысанына сәйкес «Қатысушы» немесе «Ұйымдастырушы» таңдалады.

– *Құжат номері.* Дипломның, сертификаттың, куәліктің, бұйрықтың немесе басқа ресми құжаттың нөмірі көрсетіледі. Нөмірі болмаса, өріс толтырылмайды.

– *Құжаттың атауы.* Ғылыми белсенділікті растайтын құжаттың атауы көрсетіледі: сертификат, диплом, куәлік, алғыс хат, бұйрық, анықтама т.б.

– *Марапат** Нәтижеге сәйкес «Диплом», «Алтын медаль», «Күміс медаль», «Қола медаль», «Мақтау қағазы» немесе «Жоқ» таңдалады.

– *Іс-шараны өткізу күні.* Ғылыми іс-шараның нақты өткен күні растайтын құжатқа сәйкес енгізіледі.

– *Білім алушының нәтижесі немесе үлесі*. Білім алушының нақты нәтижесі немесе атқарған жұмысы қысқаша жазылады. Мысалы: «I орын иегері», «баяндама жасады», «постерлік баяндама ұсынды», «ғылыми жобаны орындауға қатысты», «ұйымдастыру комитетінің мүшесі».

– *Оқу жылы** Ғылыми белсенділік жүзеге асқан немесе I-GPA есебіне енгізілетін оқу жылы таңдалады.

– *Семестр** Іс-шара өткен кезеңге сәйкес 1 немесе 2-семестр таңдалады.

– Балл. Іс-шараның түріне, деңгейіне, қатысу статусына және нәтижесіне қарай I-GPA балы жүйеде автоматты түрде есептеледі.

– *Қолдау құжаты** Ғылыми белсенділікті растайтын құжат міндетті түрде жүктеледі. Құжатта білім алушының Т.А.Ж., іс-шараның атауы, деңгейі, өткен күні және қатысу нәтижесі көрсетілуі тиіс.

– барлық міндетті өрістер толтырылып, қолдау құжаты жүктелген соң, «Сақтау» батырмасы басылады.

– сақталған жазба «Ғылыми GPA» қойындысындағы тізімде пайда болғаннан кейін «Өтінім беру» батырмасын басу керек.

– жауапты қызметкер тексергеннен кейін жазбаға «Бекітілді» мәртебесі беріледі. Мәртебені «Статус» сүзгісі арқылы бақылауға болады.

5.13.2.2 Мәліметтердің дұрыстығы: енгізілген мәліметтер қолдау құжатындағы ақпаратпен толық сәйкес келуі тиіс. Бір ғылыми белсенділік немесе нәтиже жүйеге қайталап енгізілмейді.

5.13.2.3 Мәліметтерді сақтау және бекіту: тек бекітілген жазбалар ғылыми GPA мен интегралды GPA есебіне алынады.

5.14. Білім алушының зерттеу және әлеуметтік дағдылары бойынша көрсеткіштері А, Б қосымшасына сәйкес есептеледі.

5.15. ЖСБ және ҒЖБ, iROS пен SSCI бойынша жұмыстардың орындалуына мониторинг жүргізеді, білім алушылар енгізген мәліметтер мен құжаттарға іріктемелі тексеру жүргізеді және даулы мәселелер туындаған жағдайда оларды қарастырады.

6 МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1.Осы Ережені іске асыруға қатысатын білім алушылар, құрылымдық бөлімшелер және жауапты тұлғалар өз құзыреті шегінде зерттеу дағдылары (iROS) және әлеуметтік құзыреттер (SSCI) көрсеткіштерін қалыптастыру, мәліметтерді енгізу, тексеру, растау, есептеу және мониторингілеу бойынша келесілерге міндетті:

6.1.1. Білім алушы міндетті:

– Platonus ақпараттық жүйесіне iROS және SSCI көрсеткіштері бойынша мәліметтерді уақытылы және толық енгізуге;

– енгізілетін мәліметтерді растайтын құжаттарды, оның ішінде сертификаттарды, дипломдарды, алғыс хаттарды, хаттамаларды, бұйрықтарды және өзге де құжаттарды уақытылы ұсынуға;

– енгізілген мәліметтердің мазмұны мен растайтын құжаттардың талаптарға сәйкестігін алдын ала тексеруге;

– жалған, бұрмаланған, өзгертілген не басқа тұлғаға тиесілі құжаттарды ұсынбауға;

– оқу жылының әрбір семестрінде жеке-жеке белсенділік танытуға;
– академиялық адалдық қағидаттарын сақтауға міндетті.

6.1.2. Кафедраның ғылыми қызметіне жауапты тұлғалар мен тәлімгерлер міндетті:
– білім алушылар енгізген iROS және SSCI көрсеткіштері бойынша мәліметтер мен растайтын құжаттарды семестрдің соңғы күніне дейін тексеруге;
– негіз болған жағдайда енгізілген мәліметтерді растауға немесе қабылдамауға.

6.1.3. Кафедра меңгерушісі міндетті:
– iROS және SSCI көрсеткіштерін қалыптастыру, тексеру және растау үшін жауапты тұлғаны белгілеуге;
– кафедра қызметкерлері мен білім алушыларын осы Ереженің талаптарымен таныстыруға;
– білім алушылардың зерттеу және әлеуметтік белсенділігін арттыруға жағдай жасауға міндетті.

6.1.4. ЖСБ міндетті:
– Platonus ақпараттық жүйесінде SSCI жүйесінің іске асырылуына жалпы мониторинг жүргізуге;
– SSCI көрсеткіштері бойынша енгізілген және расталған мәліметтерге іріктемелі бақылау жүргізуге;
– SSCI көрсеткіштері бойынша туындаған даулы мәселелерді қарауға;
– SSCI жүйесін қолдану, бағалау критерийлерін түсіндіру және көрсеткіштерді қалыптастыру тәртібі бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;
– анықталған сәйкессіздіктерді түзету бойынша тиісті шаралар қабылдауға;
– студенттік өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге;
– қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, волонтерлік және спорттық іс-шаралар туралы мәліметтердің уақтылы берілуін ұйымдастыруға міндетті.

6.1.5. ҒЖБ міндетті:
– iROS жүйесінің іске асырылуына жалпы мониторинг жүргізуге;
– iROS көрсеткіштері бойынша енгізілген және расталған мәліметтерге іріктемелі бақылау жүргізуге;
– iROS көрсеткіштері бойынша туындаған даулы мәселелерді қарауға;
– iROS жүйесін қолдану, бағалау критерийлерін түсіндіру және есептеу тәртібі бойынша әдістемелік түсіндірмелер беруге;
– анықталған сәйкессіздіктерді түзету жөнінде тиісті шаралар қабылдауға;

– кафедралармен, деканаттармен және өзге де мүдделі құрылымдық бөлімшелермен iROS мәселелері бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге міндетті.

6.1.6. Факультеттер міндетті:

– білім алушыларды кафедраларға уақтылы бекітуді ұйымдастыруға;

– өту балын жинамаған білім алушыларға қатысты осы Ережеге және Академиялық саясатқа сәйкес шаралар қабылдауды ұйымдастыруға;

– білім алушыларға интегралды GPA көрсеткіштері, бағалау талаптары және нәтижелері туралы қажетті ақпараттың жеткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

6.1.7. Компьютерлік тестілеу және баспахана орталығы міндетті:

– IGPA көрсеткіштері бойынша мәліметтерді енгізу, тексеру, растау және есептеу үшін ақпараттық жүйенің техникалық жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етуге;

– пайдаланушылардың ақпараттық жүйеге қол жеткізу құқықтарын олардың лауазымдық міндеттері мен берілген өкілеттіктеріне сәйкес реттеуге;

– пайдаланушыларға ақпараттық жүйені қолдануға байланысты техникалық қолдау көрсетуге міндетті.

6.1.8. «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері, білім алушысы (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті;

6.1.9. Қызметкер, білім алушы жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

6.1.10. Жалған немесе бұрмаланған мәліметтер мен құжаттарды ұсыну, сондай-ақ көрсеткіштерді негізсіз растау фактілері анықталған жағдайда тиісті нәтижелердің күші жойылады және кінәлі тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына және «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шаралар қолданылады.

6.1.11. iROS және SSCI көрсеткіштерін бағалау кезінде мүдделер қақтығысына, білім алушыларға негізсіз артықшылық беруге немесе олардың нәтижелерін негізсіз төмендетуге жол берілмейді.

6.1.12. Осы Ережені іске асыруға қатысатын тұлғалар:

-өз өкілеттіктері шегінде енгізілетін, тексерілетін және расталатын мәліметтердің дұрыстығына, объективтілігіне және уақтылы өңделуіне жауапты;

- жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады;

- жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

7 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Осы Ереже «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және ол күші жойылғанға немесе жаңа Ереже қабылданғанға дейін қолданылады.

7.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар ҒЖБ, ЖСБ, факультеттердің, кафедралардың және (немесе) Ғылыми кеңестің ұсыныстары негізінде «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен енгізіледі.

7.3. Зерттеу дағдыларының (iROS), әлеуметтік құзыреттердің (SSCI) және академиялық жетістіктердің интегралдық орташа балының (IGPA) көрсеткіштері білім алушыларды мониторингілеу, рейтингтік бағалау, ынталандыру және оларды ғылыми, әлеуметтік, спорттық және өзге де оқудан тыс қызметке ынталандыру мақсатында пайдаланылады.

7.4. Интегралдық GPA (IGPA) білім алушылардың рейтингтерін қалыптастыру, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына, ғылыми жобаларға, конкурстарға, гранттарға, көтермелеу шараларына және белсенді білім алушыларды қолдауға бағытталған өзге де іс-шараларға қатысу үшін іріктеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

7.5. Ереже «ОҚМА» АҚ ресми сайтында міндетті түрде орналастырылуға және «ОҚМА» АҚ барлық білім алушылары мен қызметкерлерінің назарына жеткізілуге тиіс.

7.6. iROS, SSCI және интегралдық GPA (IGPA) көрсеткіштерінің нәтижелері білім алушыларға қолдау мен ынталандырудың келесі шараларын беру кезінде ескерілуі мүмкін:

- академиялық ұтқырлық бағдарламаларына, ғылыми тағылымдамаларға және халықаралық білім беру бағдарламаларына іріктеу кезінде артықшылықтар беру;
- білім алушылардың ғылыми және кәсіби әлеуетін дамытуға бағытталған қалалық, республикалық және халықаралық конкурстарға, форумдарға, жобаларға, гранттық бағдарламаларға және өзге де іс-шараларға қатысуға ұсынымдар.

Әзірлеген:

Қызметі	**Аты -жөні**
Жастар саясаты бөлімінің қызметкері	М.Е. Асқар
Ғылыми жұмыстар бөлімі меңгерушісінің м.а.	М.Н. Мухамедияров

Тексерген:

Қызметі	**Аты-жөні**
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.А. Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А. Кабиштаев

Келісілді:

Қызметі	**Аты-жөні**
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Е.Қ. Сәлім
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Н.Е. Аукенов
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.Ұ. Анартаева
Фармация факультетінің деканы	Ж.С. Тоқсанбаева
Медицина факультетінің деканы	А.А. Сейдахметова
Халықаралық факультетінің деканы	А.А. Сарсенбекова
Комплаенс офицер	Н.А. Пернебаев

А ҚОСЫМШАСЫ

Білім алушылардың зерттеу дағдыларын бағалау шкаласы (IROS)

1. Іс-шараның бір түрі бойынша максималды балды есептеу формуласы:

$$\text{Балл}_{\text{іс-шара түрі М}k} = \text{Макс балл}_{\text{іс-шара түрі М1}} + \sum_{k=1}^{n} \text{Қосымша балл}_{k\text{Қатысу мәртебесіне сәйкес іс-шара түрі}}$$

2. Ғылыми GPA (iROS) есептеу формуласы:

$$\text{Ғылыми GPA} = \frac{\sum_{k=1}^{n}(\text{Үлесі}_{\text{іс-шараның түрі }Mk} \cdot \text{Балл}_{\text{іс-шара түрі М}k})}{\sum_{k=1}^{n} \text{Үлесі}_{\text{қатысқан іс-шараның түрі }Mк}}$$

$\text{Үлесі}_{\text{қатысқан іс-шараның түрі }Mk}$

Мұндағы:

– n – білім алушы белсенділік танытқан іс-шара түрлерінің жалпы саны;

– $\text{Балл}_{\text{іс-шара түрі М}k}$ – іс-шараның нақты түрі мен қатысу статусы (ұйымдастырушы/қатысушы) бойынша білім алушының алған ұпайы;

– $\text{Үлесі}_{\text{қатысқан іс-шараның түрі }Mк}$ – ережеде бекітілген іс-шара түрінің нақты үлесі (коэффициенті).

3. Ғылыми GPA есептеуге арналған іс-шара түрлерінің үлесі келесі кестеде көрсетілгендей.

№	Іс-шараның түрі	Үлесі
1	Басқа да ғылыми қызмет	0,25 (25%)
2	Жарияланымдар	0,25 (25%)
3	Зерттеу жұмыстары	0,25 (25%)
4	Ғылыми жарыс	0,0 (Үлесі жоқ)
5	Ғылыми симпозиум	0,0 (Үлесі жоқ)
6	Өнертапқыштық әрекет	0,25 (25%)

4. Білім алушының ғылыми дағдыларын есептеу үшін қатысу мәртебесіне сәйкес берілетін балл.

4.1. Ұйымдастырушы мәртебесіне берілетін балл келесі кестеде көрсетілген.

Іс-шара түрі	**Қалалық**	**Облыстық**	**Республикалық**	**Халық аралық**	**Ұйым деңгейінде**	**ҚР-дағы халық аралық**	**Шетелдегі халық аралық**	**Қосымша балл**
Басқа да ғылыми қызмет	70	80	90	100	70	100	100	+10
Ғылыми жарыс	0	0	0	0	0	0	0	0
Ғылыми симпозиум	0	0	0	0	0	0	0	0

4.2. Қатысушы мәртебесіне берілетін балл келесі кестеде көрсетілген.

Іс-шара түрі	**Қалалық**	**Облыстық**	**Республикалық**	**Халықаралық**	**Ұйым деңгейінде**	**ҚР-дағы халықаралық**	**Шетелдегі халықаралық**	**Қосымша балл**
Басқа да ғылыми қызмет	70	80	90	100	65	100	100	+10
Ғылыми жарыс	0	0	0	0	0	0	0	0
Ғылыми симпозиум	0	0	0	0	0	0	0	0

4.3 Өнертапқыштық әрекеті үшін берілетін балл (автор үшін) төмендегі кестеде көрсетілген.

Іс-шара түрі	**Республикалық**	**Халықаралық**	**Қосымша балл**
Жарияланымдар	90	100	+10
Зерттеу жұмыстары	90	100	+10
Өнертапқыштық әрекет	90	100	+10

4.4 Өнертапқыштық әрекет үшін берілетін балл (бірлескен автор үшін) төмендегі кестеде көрсетілген.

Іс-шара түрі	**Республикалық**	**Халықаралық**	**Қосымша балл**
Жарияланымдар	85	90	+5
Зерттеу жұмыстары	85	90	+5
Өнертапқыштық әрекет	85	90	+5

Б ҚОСЫМШАСЫ

Білім алушының әлеуметтік және спорттық жетістіктерін бағалау шкаласы (SSCI)

1. Іс-шараның бір түрі бойынша максималды балды есептеу формуласы:

$$\text{Балл}_{\text{іс–шара түрі Мк}} = \text{Макс балл}_{\text{іс–шара түрі М1}} + \sum_{k=1}^{n} \text{Қосымша балл}_{k\text{Қатысу мәртебесіне сәйкес іс–шара түрі}}$$

2. Әлеуметтік $GPA = \frac{\sum_{k=1}^{n}(\text{Үлесі}_{\text{іс–шараның түрі }Mk} \cdot \text{Балл}_{\text{іс–шара түрі М}k})}{\sum_{k=1}^{n} \text{Үлесі}_{\text{қатысқан іс–шараның түрі }M\text{к}}}$

Мұндағы:

– n – білім алушы белсенділік танытқан іс-шара түрлерінің жалпы саны;

– $\text{Балл}_{\text{іс–шара түрі М}k}$ – іс-шараның нақты түрі мен қатысу статусы (ұйымдастырушы/қатысушы) бойынша білім алушының алған ұпайы;

– $\text{Үлесі}_{\text{қатысқан іс–шараның түрі }M\text{к}}$ – ережеде бекітілген іс-шара түрінің нақты үлесі (коэффициенті).

3. Әлеуметтік GPA есептеуге арналған іс-шара түрлерінің үлесі төмендегі кестеде көрсетілген:

№	Іс-шараның түрі	Үлесі
1	Басқа іс-шаралар	0,25 (25%)
2	Волонтерлік қызмет	0,25 (25%)
3	Конференция, брифинг, көпшілік алдында сөз сөйлеу	0,0 (Үлесі жоқ)
4	Спорттық іс-шаралар	0,25 (25%)
5	Студенттік өзін-өзі басқару органдары	0,25 (25%)
6	Университет имиджіне қосқан үлесі	0,0 (Үлесі жоқ)
7	Шығармашылық қызмет	0,0 (Үлесі жоқ)

4. Білім алушының әлеуметтік белсенділігін есептеу үшін қатысу мәртебесіне сәйкес берілетін балл.

4.1. Ұйымдастырушы мәртебесіне берілетін балл төмендегі кестеде берілген:

Іс-шара түрі	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық	Ұйым деңгейінде	ҚР-дағы халықаралық	Шетелдегі халықаралық	Қосымша балл

Басқа іс-шаралар	80	80	90	100	70	100	100	+10
Волонтерлік қызмет	80	80	90	100	70	100	100	+10
Конференция, брифинг, көпшілік алдында сөз сөйлеу	0	0	0	0	0	0	0	0
Спорттық іс-шаралар	80	80	90	100	70	100	100	+10
Студенттік өзін-өзі басқару органдары	80	80	90	100	70	100	100	+10
Университет имиджіне қосқан үлесі	0	0	0	0	0	0	0	0
Шығармашылық қызмет	0	0	0	0	0	0	0	0

4.2. Қатысушы мәртебесіне берілетін балл төмендегі кестеде көрсетілген:

Іс-шара түрі	**Қалалық**	**Облыстық**	**Республикалық**	**Халық аралық**	**Ұйым деңгейінде**	**ҚР-дағы халық аралық**	**Шетелдегі халықаралық**	**Қосымша балл**
Басқа іс-шаралар	75	75	90	100	65	100	100	+10
Волонтерлік қызмет	75	75	90	100	65	100	100	+10
Конференция, брифинг, көпшілік алдында сөз сөйлеу	0	0	0	0	0	0	0	0

Спорттық іс-шаралар	75	75	90	100	65	100	100	+10
Студенттік өзін-өзі басқару органдары	75	75	90	100	65	100	100	+10
Университет имиджіне қосқан үлесі	0	0	0	0	0	0	0	0
Шығармашылық қызмет	0	0	0	0	0	0	0	0

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Асқар Мерей Еламанқызы	Разработано	30.10.2026, 14:52:19	Без замечаний	
Мухамедияров Майдан Нагашыбаевич	Разработано	30.10.2026, 14:53:01	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	02.11.2026, 17:34:50	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	30.10.2026, 16:41:26	Без замечаний	
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	30.10.2026, 16:20:18	Без замечаний	
Аукенов Нурлан Ерденович	Согласовано	30.10.2026, 17:28:38	Без замечаний	
Анартаева Мария Уласбековна	Согласовано	30.10.2026, 17:38:49	Без замечаний	
Токсанбаева Жанат Садебековна	Согласовано	30.10.2026, 16:59:12	Без замечаний	
Сейдахметова Айзат Ашимхановна	Согласовано	30.10.2026, 15:33:00	Без замечаний	
Сарсенбекова Алтынай Алибековна	Согласовано	30.10.2026, 17:12:14	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	30.10.2026, 16:34:38	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	02.11.2026, 17:36:38	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	02.11.2026, 17:36:43	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед